

бас тартқызуға әкелетін әлеуметтік дезадаптацияға күйіне түсіреді.

3. Психикалық аномалиялар тудыратын тәсілдер қолдану арқылы адепт психикасын үнемі ауытқушылық қалпында ұстайды.

4. Олардың құрамында болған адепттің отбасы үшін терең моральдық және материалдық зияндарын тигізуде деген қорытындылар шығарды.

Міне, осы сияқты себептердің әсерінен жастар өзге діни ұйымдарға кіріп жатыр. Сондықтан осындай келеңсіз жайларды тыюды ойластыру керек. Бұл жолдан құтылудың жолын іздестіретін болсақ, біріншіден, діни ұйымдардың санын шектейтін заң қабылданса, екіншіден, жастардың бойында патриоттық құндылықтарын қалыптастыруға негізделген көркем-фильмдер, электронды оқу-әдістемелік құралдарды және тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосып отырған еңбек ерлері, қоғам қайраткерлері туралы әдеби шығармаларды шығаруды қолға алу, үшіншіден, өзіміздің дінді, яғни ислам дінін дұрыс насихаттап, оның ерекшеліктерін түсіндіретін адамдар саны көбейсе, төртіншіден, балаларды отбасынан бастап, мектепке, жоғарғы оқу орындарында имандылыққа тәрбиелейтін арнайы «Дінтану» пәнін міндетті оқу бағдарламасына енгізу керек.

Жалпы Қазақстан жерінде кеңінен жайылған қауіпті секталардың шырмауынан шығудың

психологиялық әдістерімен қатар оны алдын алу мақсатымен келесідей екі сатылық шаралар қолдану керек деп есептеймін. Олар: біріншісі, халыққа зиянды діни ағымдар туралы мәліметтерді толыққанды түрде тарату болса, екіншісі, халыққа дінін, ұлттық және рухани құндылықтарын үйрету, діни сауаттылыққа мектеп қабырғасынан бастап тәрбиелеу, секта шырмауына түскен адамдарға көмек көрсетіп, әрі қарай қолдап отыратын психолог мамандардан, социологтар, дінтанушылардан тұратын орталықтар ашып, секталар туралы мағлұматтар жазылған әдебиеттер тарату керек.

1. Егемен Қазақстан // 2009., 27 қазан

2. Lifton R.J. *Thought Reform and the Psychology of Totalism.* - 1961.-280p.

3. Джамамбалов К., Кларк Д., Гарей К. *Консультирование о выходе практический обзор // Журнал практического психолога.* - 2000.- №1-2. – 23 с.

В статье рассматриваются основные идеи теории музыки аль-Фараби, анализируются формы музыкального искусства и музыкальные термины в творчестве аль-Фараби.

In the article it is considered a Al-Farabi's music.

М.Б. Аликбаева, А.А. Рыскиева

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ МУЗЫКАЛЫҚ ОЙДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Музыканың мағынасын ашып, оның шығу тегі мен қабылдау әдісін анықтауға ұмтылған Әбу Насыр әл-Фараби ойлаудың «музыкалық» түрі бар деген тұжырымға келеді. Адам музыканы субъективті сипаты бар есту қабылеті арқылы қабылдайды: біреу естіліп жатқан дыбысты анағұрлым музыкалы естуі мүмкін [1, 20 б.]. Сондықтан «есту», бір жағынан, теориялық-шығармашылық құбылыс болса, екінші жағынан, анағұрлым «дамыған» есту құлағы практикалық құбылыс, яғни басқаша айтқанда, музыкалық есту қабылетінің ерекше даму құбылысы практикамен байланысты.

Музыкалық ой көркемдік ойдың бір түрі ретінде генетикасы жағынан адамның психикалық іс-әрекеті мен ойлаудың жалпы формаларымен байланысты. Демек музыкалық ой – адамның ойлағанын іс жүзінде сыртқа көрсету қабілеттілігі. Ойлаудың адамзаттық жалпы

зандылығына байланысты музыкалық өнер де өзіндік сипатқа ие. Музыкалық ой арқылы, ой толғау арқылы белгілі бір сезімді оятуға болады және зейін-зердемізбен сол сезімді оятатын жағдайларды және эстетикалық қабылдаудың объектілерін туғызамыз.

Зерттеушілер музыкалық ойды табиғаттың көркемдік сипатын, интонациялық мәнін (сущность), эмоционалды және сезімдік қарым-қатынасын қарастыратын ерекше құбылыс деп атайды. Музыкалық педагогика, психология және музыкатану саласының өкілдері Б.В. Асафьев, Л.С. Выготский, И.А. Котляревский, В.В. Медушевский және т.б. ғалымдар «музыкалық ойдың» тарихи-стильдік категориясына ғана мән берген, бірақ олар толыққанды бұл күрделі мәселені зерттемеген.

Ойлаудың тарихи сипаты бар. Бұл таным мен адамзаттың әлеуметтік-тарихи тәжірибе-

сінің бірлігі. Ойлау үрдісінде адам тек алған білімінің қоғамдық-тарихи тәжірибесін игеру негізінде іске асыра алады.

Музыкалық ойды зерттеуде тарихи талпыныстар мен әртүрлі кезеңдердегі музыкалық өнердің мәнінің болмысын ашуға көп мүмкіндіктер туды. А.Н. Серов: «Музыка тарихы ол дыбыстардың даму тарихы және ол поэтикалық ойлауға байланысты емес...», – деп түсіндіреді [2, 146 б.]. Объектінің тарихи мазмұны музыкалық ойдың теориясын, осыған сәйкес оның тілін, әдістері мен тәсілдерін қалыптастырады. Польшалық музыкант Я. Рейсс ой жөніндегі ғылым басқа ғылымдар секілді адамзаттық ойлаудың тарихи дамуы туралы тарихи ғылым деп есептеген [3, 9 б.]. Осыдан адамзаттың тарихи-мәдени дамуы көркемдік-эстетикалық стильдермен байланысты тарихи кезеңдердің кезектік ауысуы, ал музыкалық тарихи үрдісті музыкалық стильмен байланысты тарихи-мәдени кезеңдердің ауысуы деп қарастыруға болады деген қорытынды шығарамыз. Зерттеушілердің еңбектерінде стиль музыка тілінің жүйелік-ұйымдастырылған элементтерінің бірлігін анықтайды және ол музыкалық ойлау жүйесінің бірлігіне негізделеді. Музыкалық стильдің қалыптасу, даму, эволюциялық үрдістері әртүрлі әлеуметтік топтардың дүниетанымы мен рухани мәдени кезеңдерін қамтиды.


Ойлау мен стильдің диалектикалық байланыстылығын ескере отырып, музыканың даму тарихын әртүрлі аспектілеріне қарап зерттей аламыз. Біріншісі – жалпы заңдылық (әртүрлі кезеңдегі музыкалық өнердің туыстық элементтеріне байланысты) және екіншісі – музыкалық стильдің нақты көркемдік ерекшелігі. Осы әдіс жалпы тарихи-мәдени мәселелерді қамтитын музыкалық стильдің жан-жақты зерттелуіне қолайлы болады. Бұл әдісті іске асыру барысында тарихи-стильдік ой музыкалық-аналитикалық іс-әрекет негізі болып табылып, педагогикалық феномен ретінде қарастырылады. Тарихи-стильдік ой музыкалық қойылымдардың көрінісі ретінде жалпы, туыстық немесе жеке-индивидуалды ерекшелігін ашып көрсетеді.

Ал музыка адамның жан дүниесінің кемелденуіне әсер етуші негізгі сала ретінде әл-Фарабидің еңбегінде терең зерттелгені туралы жоғарыда айтқан болатынбыз. Музыканы басқа ғылым салаларымен етене байланыстыра отырып, оның практикалық жағына үлкен мән береді. Әл-Фараби еңбегінде өнердің логикаға сүйенетіндігін көрсетіп, «ойлау формасы» деген терминді енгізді. Өнерде ғұлама әл-Фараби де «қабілет» пен «саналық элементін» бірінші қояды, яғни «ойлай алу қабілеті» болса ғана өнер өз деңгейіне жетеді.

Дүниетанымдық көзқарасын зерттеу барысында неге ол логикаға, ақиқатқа жетуде логикалық әдістерге сондай ыждағыттылықпен ден қойған деген сұрақтар туындайды. Мұның себебі – ойшыл жалпы философиялық мәселелердің жемісті шешілуі ғылыми танымның құралдарының жетілуінде екенін дұрыс пайымдауында. Сондықтан да әл-Фараби іліміндегі ғылыми таным логикалық әдістер арқылы жинақталған біліммен үстемеленіп, қоры молая береді. Адам ақыл-парасатты хайуан болғандықтан, ол түйген-білгенін санасында саралап, есінде сақтайды. Бірақ адам оны қоғам дамуында қолданбаса, жинаған білімінің іске аспай, жарамсыз қалуы мүмкін [4, 16 б.].

Жалпы, әл-Фараби концепциясының негізгі түсінігі бойынша «илм» («білім») және «марифа» («таным») «сина» («өнер») болып табылады. Бұл терминнің семантикасы гректің «технэ», яғни «шеберлік», «алғырттық» және «өнер» деген мағынасына сәйкес келеді. Әл-Фараби өнерді «талап» пен «дайындық» формаларының жиынтығы деп түсіндіреді. Бұл анықталмаған «сөйлеу» «ойлау» потенциясымен (қабілеттілігімен) бірдей. «Мұны түсіндіру үшін адам ақыл-ойын айтып отырмын» – дейді әл-Фараби [5, 50 б.].

Терминологиялық кілтке кіріспеде өнер анықтамасын философиялық логикалық тұрғыдан түсіндіре отырып, «түр» – «хайа» («форма», «фигура») мағынасы ақылға қонарлық заттың бар екендігін білдіреді деп тұжырымдайды. «Малака» («қабілет») және «истилад» («дайындық») – таным субъектісі, ал «нутк» – танымның ойлау потенциясы. Адам ішкі жан дүниесі арқылы ғана ең жоғарғы ойлау потенциясына жете алады, өнер де сол секілді төменде көрсетілген (№ 1-суретті қараңыз) иерархиямен беріледі.



1-сурет.

Өнердің жалпы анықтамасы «ойлай алатын форма» (форма, которая мыслит) немесе «ойлаушы форма» (мыслящая форма), яғни ақыл элементінің қамтылғаны маңызды екендігін

білдіреді. Әл-Фараби оны нақтылау үшін «нутк би л-фил», яғни «өзекті ойлау» («актуальное мышление») түрі, ол адамның танымдық қабілетін дамытып, жоғарғы кемелділікке әкеледі. Ол «әл-камил әл-аууал» – бірінші кемелділікке жету туралы да айтып кетті. Бұл термин семантикасын әл-Фараби «Бақытқа апаратын жол» атты трактатында, кемелділікке жету ең жоғарғы бақытқа кенелу, яғни абсолютті игілікке жету деп түсіндіреді [6, 84 б.]. Айтып кететін бір жағдай, әл-Фараби бойынша өнер логосқа қарағанда Құдайдың сыйлығы. Ол гректердің логос эквивалентін арабтық терминдер секілді бірнеше мағынасын береді, мысалы 1) ғылым мен өнерді меңгерген адамның ойлау категориясы арқылы жететін қабілет; 2) адамның ішкі жан дүниесі, ішкі дауысы арқылы туындаған категория; 3) ақылынан туындаған шығармашылық, оны сыртқа шыққан сөз.

Музыка өнерінің формасын Әбу Насыр былай жіктейді: «Өнердің практикалық түрі «шығарма» («сига ал-алхан») және «мелодияны орындау» («ада ал-алхан») адамның ішкі рухани дүниесінен пайда болған нақты көріністі «ойлау формасы», ал «музыканың теориялық өнері» ішкі дүниеде пайда болған іздер мен әуен жөнінде білетін «ойлау формасы» [6, 83 б.]. Әл-Фараби бойынша, музыканы тану барысындағы бірінші форманың айырмашылығы – екіншісінің өте кең қамтылған түрі. Музыкалық шығармашылықтың барлық үрдісі – мелодияны шығарушы мен орындаушының ойының түзілуі, музыкалық композицияның аяқталған түрін дүниеге келтіру, ал теориялық жағын қарастырсақ, ол өнердегі заңдылығы бар таным процесі секілді және ол өзінің көзқарасы жағынан бірінші негіз бен болмыс себебіне сүйенеді. Музыкалық өнердің табиғи таным формасының ерекшелігін анықтай отырып, ғалым оның пайда болу себебіне мән береді. Бұл ғылым логикаға сүйенеді, ғылыми ойлау мен білімге көп мән беріледі. Орындаушының тәжірибесі мол және қиын музыкалық үлгі үлкен техникалық дайындықты қажет етеді. Бұл жерде ғалым материалдық заттардың өндірісіне де мән беру керектігін, тәжірибелік өнердің жоғарғы танымдық деңгейі музыкалық элементтерді бір-біріне сай келтіріп, оны ойнау барысында дауыс шығаруына мән берілсе ғана қол жеткізетінін, мұны тек ең қабілетті музыканттар ғана жүзеге асырады. Бұл жерде әл-Фараби Исақ әл-Маусиліді үлгі ретінде алып, оның жоғары деңгейге қол жеткізуіне әуеннің көрінбейтін қырларына болар болмас жерлеріне көп мән бере алғандығын атап айтады. Шығарманың жазылу себебі мен мақсаты болу керек. Музыка өнерінің теориясы «ойлау формасы» секілді ішкі

жан дүниеден ғана шығып қоюмен шектелмей, танымның ғылыми әдісін білуді талап етеді. Бұл ғылым басқа ғылым секілді адам қабілетін, қабылдау, сезіну секілді эстетикалық әрекеттерді қажет етеді.

Қандай да бір ғылымның («илм») дамуында теориялық («назариа») жүйесі мен ғылыми танымның нәтижесі болады. «Музыканың үлкен кітабының» кіріспесінде әл-Фараби барлық теориялық білімнің (әл-илм ан-назарий) түсінігі, негіздерін талдау («усул әл-мабади немесе истексат») және осы білімнің ережелері болатынын айтып кеткен [7, 43 б.]. Теориялық білім басқа түрлерден, әсіресе практикалық білімнен ерекшеленеді. Ол өз заңдылықтары мен қағидаларына бағынады. Музыка ғылымының негіздері априорлы жағдайда емес, тәжірибе арқылы дәлелденгендіктен, бұл ғылымның басты қағидаларына айналып отыр. Әуен мен оның факторлары «сезім» («хис») және «ақыл» («ақл») арқылы танылып, қабылданады. Адам жетік білімге ақыл арқылы жетеді. Ақыл сезім арқылы келетін пәнмен байланысты. Танымның алғашқы кезеңі – эмпирикалық білім, ол тәжірибенің негізінде іске асады. Акциденциялар (әртүрлі белгілердегі субстанцияның пайда болуы) сезім арқылы жүзеге асады. Келесі саты – рационалды таным. Субстанция тек ақыл арқылы қабылданады. Олардың арасында акциденция бар. Эмпирикалық (сезімдік) және теориялық (ақылды) таным – шындық әлемі. Әл-Фараби музыканың теориялық білімі мақсатқа жету құралы екендігін ескертеді. Олай болса, әл-Фарабидің музыка саласы «тәжірибелік» (яғни, «тәжірибе») («амал») мен «іс-әрекетке» («фаал») байланысты және «теориялық» («көзқарастық») («ан-назариа») болып бөлінген.

Әл-Фарабидің тұжырымдауынша, музыка ілімінің философиясы мен логикасы жете зерттелмеген. Оның негізгі шығу принциптері белгісіз, таным теориясы да, соңғы көздеген мақсаты мен зерттеу жолдары мен әдістері де анықталмаған [8, 21 б.]. Әл-Фараби бұл мәселелердің кейбіреуін ежелгі ғалымдардың трактаттарынан тауып, тіпті оны өз еңбегінде мысал ретінде көрсеткен. Алайда оның ғылыми дәлелдері жоқ, яғни зерттеп отырған өнердің негізі ғана емес, оның қарастыру жолдары да беймәлім. Сондықтан ғалым осы принциптердің негізін тапса, қалғандары шығады деген тұжырым жасайды. Ең алдымен, музыканың өзін түсіндіру үшін оған толыққанды анықтама беруге тырысқандығы сондықтан болар.

Әл-Фараби жастардың тәрбиелі, тәлімді болып қалыптасуында музыка ғылымы мен өнеріне ерекше мән берген. Өзіне белгілі халықтардың музыкалық дәстүрлеріне талдау

жасай келіп: «Музыка халықтың мәдениеті, олардың рухани дәрежесі ұлтына, нәсіліне, жаратылыс ерекшеліктеріне тәуелді емес, мекеніне, ауа-райына, ас-арқауына т.б. материалдық, жағрафиялық, саяси жағдайларға байланысты болады», – деген заманынан озық туған тоқымды басшылыққа алады [5, 98 б.]. Ортақ білім, ортақ ойдың бастамасы, ол қандай да бір өнер түрімен байланысты. Мысалы, оған өнердің тәжірибе жүзінде қолданысы жатады. Оны ойлап тапқан адамдар белгілі бір аймақта немесе мемлекетте тұрғандарымен табиғи ұқсастықтары, сыртқы кейпі, дене тұрғысы ұқсас болуы мүмкін. Оның жан дүниесінің, тіпті мінезінің ұқсастығы болуы ғажап емес. Әл-Фарабидің қалыпты адамдардың білу, сезу қабілетінің олардың түр-түсіне, ұлтына карамай бір-бірінен алшақ кетпейтіні туралы пайымдарының тағылымдық мәні бар. Ұлы ғалымның тағылымы музыканың барлық халыққа ортақтығы, яғни ұлтаралық сипаты болып табылады. Рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Әсіресе бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс. Ұлттық негізі мықты бұл жас буын терең білімімен әлемдік рухани кеңістікте өзін еркін сезініп,

мәдени-философиялық категориялар арқылы ойлайтынымен ерекшеленеді.

1. *Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап / Ауд. Ж. Сандыбаев. – Алматы: Колор, 2008. – 751 б.*

2. *Серов А.Н. Критические статьи. – М., 1976. – Т.3. – 405 с.*

3. *Рейсс. Малая история музыки. – Краков, 1965. – 201 с.*

4. *Құрманалиева А.Д. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық іліміндегі әлеуметтік танымның онтологиялық және әдіснамалық негіздері: филос.ғ.к. дисс.: 09.00.03. – Алматы, 2003. – 133 б.*

5. *Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 б.*

6. *Даукеева С. Философия музыки Абу Насра Мухаммада аль-Фараби. – Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2002. – 352 с.*

7. *Әл-Фараби. Китабу әл-мусика әл-кабир. – Cairo: The arab writer, 1967. – 1608 б.*

8. *Матякубов О. Фараби об основах музыки Востока. – Ташкент: Фан, 1986. – 86 с.*

В статье рассматривается проблемы музыки аль-Фараби.

In the article it is considered a Al-Farabi's music.

А.А. Жұмашова

ОТЫРАР ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – музейі, этнография бөлімінің меңгерушісі

Отырар бүкіл шығысқа кеңінен танымал, Ұлы Жібек Жолының бойында орналасқан қала. Сырдарияның орта ағысындағы суармалы құнарлы алқап.

Отырар өлкесі Республикамыздағы өзіндік орны бар туристік орталық болып табылады. Сырдария мен Арыс өзендерінің екі жағасында бірімен – бірі иініресіп тұрған тарихи – мәдени ескерткіштердің әрқайсысы өз алдына ашық аспан астындағы музей іспетті.

Көптеген тарихи деректер мен соңғы кездегі археологиялық қазба, зерттеулер мұнда отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде көне замандарда қала салу мәдениетінің едәуір дамығандығын дәлелдеп отыр. Далалық өркениеттің бесігі болған Қазақстанның көне қалалары Х – XII ғ.ғ. гүлденіп мәдениет, ғылым мен өнер шыңына жетіп, қолөнер, сауда дамуымен қатар далаларында диханшылық пен мал шруашы-

лығы өркен жайды. Қалалардың дамуында Ұлы Жібек-Жолы басты рөл атқарды. Сол Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың ең ірі дамығаны, мәдениеті мен әдебиеті, сәулеті мен дәулеті артқан көне Отырар қаласының өркендегенін археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған көне сарайлар мен мешіттердің орны, моншалардың орны т.б. көрсете алады.

Отырар Ұлы Жібек Жолы арқылы Үнді, Қытай, Византия т.б. мемлекеттермен үнемі ғылыми, мәдени, экономикалық, дипломатиялық байланыста болып қалаларында ғылымы мен мәдениеті, сауда өндіріс, далаларында егін, мал шаруашылығы қатар дамыған әлемдік мәдениеттің ірі орталықтарының бірі болды. Дүниеде теңдесі жоқ ұлы ойшыл Әбу Нәсір әл – Фарабидің туылған жері, сонымен қатар әулиелі қасиетті орындарымен ерекшеленеді. Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамдағы сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб деп дәріптелеген бүкіл мұсылман қауымына белгілі